# НҰРА

Еженедельная газета Нуринского района

№ 46 (46162)
СУББОТА,
16 ноября
2002 года

Газета издается с 1 мая 1963 года ГАЗЕТА ВЫХОДИТ НА КАЗАХСКОМ И РУССКОМ ЯЗЫКАХ ЦЕНА ДОГОВОРНАЯ


## Құттықтаймыз!

***Құрметті жерлестер, ауыл тұрғындары!***

Сіздерді төл мерекелеріңіз - ауыл шаруашылығы кызметкерлерінің күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Барлықтарыңызға мыкты денсаулық, қажымас кайрат, толайым табыс тілейміз.

Қазіргі агроөнеркәсіп салаларында тиісті жұмыстар аткарылып, товар өндірушілерге каржылық сауықтыруға, мемлекеттік қолдау көрсетуге, ауыл шаруашылығы өндірісін, оның әлеуметтік саласын дамытуға бағытталған накты шаралар жүзеге асырылуда. Бұл игі шаралар келешекте де жалғасын таба беретін болады.

Кездескен киыншылыктарға карамастан Сіздер биыл егін өсіріп, мол астық алдыңыздар, қоймаларға қажетті мөлшерде тұқым сеуіп, келесі жылдың көктемгі егініне негіз каладыңыздар. Берешектерден құтылып, ауыл тұрғындарының тұрмыс жағдайын жақсарта түстіңіздер. Қыска дайындыкты да жан-жакты жүргіздіңіздер. Осы жұмыстарыңыз үшін Сіздерге рахмет айтып, ризашылығымызды білдіреміз.

Диқаншылар, малшылар, механизаторлар ауыл шаруашылығы салаларында қажырлы жұмыстар аткарып, халықтың құрметіне ие болып отыр. Жалпы алғанда нұралыктар жылдан-жылға шаруашылық жағдайын жақсартып, табыстарға жетіп, ауданның экономикасының нығаюына, әлеуметтік мәселелердің ойдағыдай шешілуіне өздерінің сүбелі үлестерін косып келеді.

Ауыл шаруашылығы күнімен барлықтарыңызды құттықтай отырып, Сіздерге бірлік пен береке, молшылық пен бақыт тілейміз.

Той құтты болсын, кадірлі жерлестер!

**Д. ҚҰСАЙЫНОВ,**
**аудан әкімі.**

**Т. РАҚЫМБЕКОВ,**
**аудандық мәслихаттың хатшысы.**

## Поздравляем!

***Дорогие земляки, труженики села!***

Сердечно поздравляем вас с профессиональным праздником - Днем работников сельского хозяйства и агропромышленного комплекса, желаем всем крепкого здоровья, долгих лет жизни, достатка и благополучия!

Несмотря на все имеющиеся трудности, нуринцы организованно провели весенний сев, вырастили хороший урожай, своевременно убрали хлеб, внесли весомую лепту в социально-экономическое развитие области и района. Благодаря вашему самоотверженному труду у нас успешно решаются социальные вопросы, поднимается уровень жизни населения. Однако мы хорошо знаем, что сельчанам еще трудно. И несмотря на все это во всех отраслях производства труженики Нуры показывают образцы самоотверженного труда, вносят посильный вклад в дальнейшее развитие района. Спасибо вам за это, спасибо за ваш труд.

Поздравляем хлеборобов, механизаторов, животноводов, руководителей хозяйств всех форм собственности, специалистов и тружеников всего агропромышленного комплекса района с большим праздником - Днем работников сельского хозяйства! Желаем вам успехов во всем, ясного неба, оптимизма и большого счастья!

**Д. КУСАИНОВ,**
**аким района.**

**Т. РАХИМБЕКОВ,**
**секретарь районного маслихата.**

## *Нұра аудандық Мәслихаты сессиясының* ШЕШІМІ

**Киевка кенті XX сессия 22 қазан 2002 ж.**

### Нұра ауданының қоғамдық тәртіпті қорғауды нығайту жағдайы мен шаралары және қылмыстың алдын алуды күшейту туралы

Нұра ауданының ішкі істер бөлімінің бастығы Б.К. Ахмедиевтің "Нұра ауданының қоғамдық тәртіпті қорғауды нығайту жағдайы мен шаралары және қылмыстың алдын алуды күшейту туралы" баяндамасын тыңдап талқылай келе Нұра аудандық Мәслихаты облыс әкімінің 04.01.01 ж. № 01 "Қарағанды облысының мемлекеттік "2000-2002 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы қылмыспен күрес бағдарламасын" жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспары туралы" шешімін, басқа шешімдерді, әкімдіктің қаулыларын орындау мақсатында өкілді және атқарушы органдар, ішкі істер органдары аймақта қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және қылмыстың алдын алу жөніндегі белгілі жұмыс жүргізіп отырғандығын атап өтеді. Құқық қорғау бағытындағы тиісті шаралар жоспарын облыстың қалалары мен аудандарының әкімдіктері де қабылдады. Оперативті жағдайды қалыпқа түсіру, қоғамдық тәртіпті қорғау, ішкі істер органдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелері қалалар мен аудандар әкімдіктерінің отырыстарында, аппараттық мәжілістерінде, қалалық, аудандық мәслихаттардың сессияларында үнемі қаралады.

Қылмыстық жағдайдың, қылмыстың қайталауының, тұрмыстық, жасөспірімдер қылмысының, заңсыз көші-қонның алдын алу, заңсыз сақталатын қару-жарақтары алып қою мақсатында ішкі істер органдары "Құқықтық тәртіп", "Қадағалау", "Тұрмыс", "Жеткіншек", "Көше", "Іздестіру", "Денсаулық", "Допинг", "Балакөше", "Қару", "Автокөлік", "Көшпенді" және басқа оперативті-алдын алу шараларын үнемі өткізіп тұрады. Нұра аудандық ішкі істер бөлімінің алдында тұрған ең басты мәселе-кримагенді жағдайды жақсарту. Осы есеп беру аралығында жалпы қылмыстың саны 162-ден 144-ке дейін төмендеді, оның ішінде ауыр және өте ауыр қылмыс түрі 100-ден 93-ке дейін кеміді. Келесідей қылмыс түрлері азайды: қарақшылық 50 пайызға, кісі тонау 50 пайызға, ұрлық 5,4 пайызға, мал ұрлығы - 40 пайызға, автокөлік ұрлау 66,7 пайызға, бұзақылық 41,2 пайызға азайды, сонымен қатар мас күйінде қылмыс жасау әрекеттері 36,7 пайызға, шартты түрде сотталғандар қылмысы 45,5 пайызға азайды.

Былтырғы жылмен салыстырғанда ұрлықтың ашылу деңгейі (54,8-ден 60,5-ке), түрлі-түсті металл ұрлығының ашылуы (36,4-тен 50-ге) дейін көтерілді, кәсіптік орындар мен мекемелерде: 51,1 ден 52,4 пайызға дейін, азаматтар қылмысы 57,1 ден 64,9 пайызға дейін ашылды, көше беталыс қылмысы 50 пайыздан 60 дейін қысқартылды.

Нұра аудандық ішкі істер бөлімінің қызметінде әлі де болса кемшіліктер бар. Әсіресе жасөспірімдер арасында қылмыс өсуде 2001 жылы 6 бала, 2002 жылы 7-і, яғни 16,7 пайызға өсті. Қылмыс жасауда 8 жасөспірім қатысқан, барлық қылмыстарды жасөспірімдер мас күйінде жасаған. Барлық қылмыстар екі топ бірлесіп, ал біреуі аралас топта жасаған.

Қылмыстық жағдайға полиция органдарының жарақтануының төмен дәрежесі және нашар материалдық-техникалық базасы келеңсіз әсер етеді. Нұра аудандық ішкі істер бөлімінің автопаркі жартылай ғана қамтамасыз етілген.

**Аудандық Мәслихат Шешім етті:**

1. Нұра аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы полиция подполковнигі Б.К. Ахмедиевтің баяндамасын "Нұра ауданындағы қоғамдық тәртіпті нығайту және қылмыстың алдын-алу жөнінде қабылдаған шараларға" мәліметін қабыл алу керек.

2. Нұра аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы (Ахмедиев Б.К.)

2.1. Ішкі істер органдары жедел-іздестіру бөлімшелерінің қылмысты ашу және іздестіру жөніндегі жұмысын жандардысын, азаматтардың өтініштерін үздік-создыққа салуға, қарау мерзімін бұзуға қарсы батыл шаралар қолдансын.

2.2. Полицияның учаскелік инспекторлары қызметінің тұрғылықты жерлердегі жұмысын күшейтсін, есепте тұрған адамдармен сақтандыру жұмысы 2002 жылдың 1 қарашаға дейін мақсаткерлікпен жүргізілсін.

2.3. Жемқорлықпен және экономикалық қылмыстармен күрес жөніндегі тиісті бөлімдер жұмысының пәрменділігі мен нәтижелілігі елеулі түрде арттырылсын, осы жұмыстың қорытындысы аудандық газет бетіне жарияланып отырсын.

2.4. Полиция учаскелік инспекторлардың тағайындалуы және ауыспалығы ауыл әкімдерімен үйлестіріседі.

2.5. МАИ (Рахимбековқа М.С.) Нұра аудандық ішкі істер бөлімі, аудандық аймақтық басқармасы Ариновқа Е.П. 01.01.2003 жылға дейін барлық автотранспорттарды және техникалық саймандар тіркеуге алынсын.

2.6. Нұра аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы (Ахмедиевқа Б.К.) 01.11.2002 ж. дейін Теңіз поселкалық полиция бөліміне бір автотранспорт бөліп беру мәселесі шешілсін.

**3. Аудан әкімшілігіне ұсынылсын:**

3.1. 2002 жылдың соңына дейін 2003-2004 жылдарға арналған құқық бұзушылықтың алдын-алу және қылмысқа қарсы күрес жөніндегі аймақтық бағдарлама жасалып, аудандық Мәслихатта ұсынылсын. Онда аудандық ішкі істер органының материалдық-техникалық базасын нығайтуды қаржыландыру, оны барынша кезең-кезеңмен қалыпты нормаға жеткізу, сондай-ақ балалар қылмысының алдын алуға бағытталған білім беру және денсаулық сақтау мекемелерінің шаралары қолданылсын.

3.2. 2003-2004 жылдарға арналған аудандық бюджетті қалыптастырғанда ішкі істер бөліміне: жанармайға, екі автокөлікке, компьютерлік техникаға, кезекші бөлімшелерін қайта құруға және жаңғыртуға қаржы бөлінсін.

3.3. Әкімият жанындағы кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау жөніндегі комиссиясы бірігіп АІБ (Ахмедиев Б.К.) аудандық білім беру бөлімі (Сагимбеков С.Н.) құқық қорғау органдарымен бірге кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықпен және қараусыз қалғандықпен күрестің 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасын жасасын.

**Д. НАМЫСОВ,**
**сессияның төрағасы.**

**Т. РАҚЫМБЕКОВ,**
**аудандық Мәслихаттың хатшысы.**


МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ
"ВАЛЮТ-ТРАНЗИТ ҚОРЫ"

Құрметті ауыл шаруашылық еңбеккерлері!

Сіздерді кележатқан мерекелеріңізбен құттықтаймыз. Еңбектеріңіздің жемісті болуына және отбасыларыңызға береке бірлік тілейміз.




## *Нұра аудандық Мәслихатының* ШЕШІМІ

**Киевка кенті XX сессия 22 қазан 2002 ж.**

### Тексеру комиссиясының атқарған жұмысының есебі туралы

Тексеру комиссиясының төрағасы Ж.А. Мұхамеджановтың есепті мерзімде атқарған жұмысы туралы есебін тыңдай келе, аудандық Мәслихат тексеру комиссиясы өз жұмысын жартыжылдық жоспарлар мен Мәслихаттың жоспарларына сәйкес жүргізетіндігін атап өтеді.

Тексеру комиссиясы негізгі назарды қаржы жылына накты аудандық бюджетті калыптастыруға аударады, жыл бойы бюджетке өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі жұмыска катысады, шығыс бөлігінің орындалысына, белгіленген бағдарламалар мен шығыстарды уақытында, толық қаржыландыруды қамтамасыз етуге, бөлінген қаржының мақсатты пайдалануын бақылап отырады.

Барлық ревизиялар мен тексерістер бойынша актілер жасалды, кемшіліктер мен заң бұзушылық бойынша ұйғарымдар жасалып оларды орындауға бақылау қойылды. Барлық актілер аудан әкімі мен аудандық Мәслихаттың хатшысына уақытында жеткізіледі.

Тексеру комиссиясының мүшелері Мәслихаттың сессияларында түрлі мәселелерді талқылауға қатысты.

Бюджеттің шығыс бөлігінің орындалысына бақылаудың күшеюінен барлық бағдарламалар әкімшілері бойынша қаржыландыру дәрежесі жоғарлады мақсатсыз және негізсіз шығындардың шамасы қысқарды.

Сонымен бірге тексеру комиссиясының жұмысында кемшіліктер мен олқылықтар бар. Жүргізілген ревизиялар мен мақсатты тексерістердің саны әлі де болса жеткіліксіз, мекемелердің бәрінде бірдей кемшіліктер ашылмайды, жекелеген актілер жеңіл-желпі жасалады, берілген ұсыныстар мен ұйғарымдарға бақылау жеткіліксіз.

Аудандық Мәслихат шешім етті:

1. Тексеру комиссиясының атқарылған жұмыс туралы есебі назарға алынсын.

2. Тексеру комиссиясы (Ж. Мұхамеджанов) бұдан арғы жұмыста мынадай негізгі бағыттарға назар аударсын:

- накты жылдық бюджетті калыптастыруға, жыл бойы түзетулер мен толықтырулар енгізуге белсене катыссын;
- аудандық бюджеттің кіріс және шығыс бөлігінің орындалысын тоқсан сайын талдасын;
- барлық бағдарламалар әкімшілерінің бөлінген бюджет қаржысын уақытында игеруіне талдау жасасын;
- бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдарды жыл сайынғы тексеріспен көбірек қамтуға қол жеткізсін, мақсатты тақырыптық тексерістерді көбірек өткізсін;
- тексерістердің тиімділігін арттырсын, тексерістер мен заң бұзушылықты көбірек анықтасын, анықталған кемшіліктерді жоюға бақылауды күшейтсін;
- тексеру комиссиясының жұмысын аудандық Мәслихаттың тұрақты комиссияларымен тығыз байланыста жүргізсін.

**Сессияның төрағасы Д. НАМЫСОВ.**
**Аудандық Мәслихаттың хатшысы Т. РАҚЫМБЕКОВ.**

*НАВСТРЕЧУ ДНЮ РАБОТНИКОВ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА*

## Достойными делами



В этом году первая бригада ТОО «Шахтерское», руководимая молодым бригадиром Вячеславом Шкредом, проявила себя как никогда. Это было заметно особенно вовремя минувшей жатвы. Сплоченный коллектив уборку зерновых более чем 5 тыс. га, убрал за 12 рабочих дней. На круг было снято по 13,8 центнеров зерна. Это самый наивысший показатель по хозяйству. Свою достойную лепту в общие успехи внесли маяки жатвы Игорь Бадырбеков, Жанбек Калиев, Владимир Кириченко, Леонид Кригер, Дулат Омаров, Еркебек Шаданов, Аглан Балмагамбетов, Берик Кушенов, Амантай Беркеев и многие другие. Также следует отметить добросовестный труд агронома бригады Любовь Алексеевны Шевченко и поваров Назкен Беркеевой и Татьяны Семеницкой. Однако надо заметить, что перелом прописавшегося психологического барьера, подъем производственных показателей произошли не случайно.

Все началось с назначения бригадиром первой Вячеслава Ивановича. Казалось, на первых порах, он ничем не изменился. А знали его все, как передового механизатора четвертой, которую бессменно возглавляет опытный организатор Иван Юрьевич Иванюк. Правда, смущало то, что Шкред имел высшее образование. Примечательно и то, что обращались к нему, как прежде, просто - Славка. Однако



уже первые дни руководства многим дали понять, что это далеко не прежний Славка. Особенно, когда касалось дело производства, выполнений поставленных перед коллективом задач, он преображался неузнаваемо. Предельно строгим оказался бригадир к тем, кто пренебрегал его указаниями, явно нарушал исполнительскую дисциплину, тем самым подавая дурной пример другим. Вот с этого строгого требования трудовой дисциплины и начал молодой руководитель свой отсчет времени. И он оказался прав...

Нынче провели вторую жатву и ее результаты превзошли все ожидания. Первая во всем идет первой, удивляя бывалых коллег. К профессиональному празднику - Дню работников сельского хозяйства коллектив пришел с достойными делами. Практически им с честью выполнены и перевыполнены все экономические показатели года уходящего.

- Я твердо уверен в том, что первая пойдет еще дальше, поднимется еще выше, подчеркнул заместитель директора по производству, главный агроном хозяйства Владимир Григорьевич Шмуляндт, характеризуя достижения передового коллектива.

**Б. БЕК,**
**ТОО «Шахтерское».**

**На снимках: бригадир бригады №1 Вячеслав Шкред; механизаторы хозяйства Павел Янин и Сергей Пескунов ведут осеннюю обработку почвы.**

**Фото Николая Лобачева.**

## *Нұра аудандық Мәслихаты XX сессиясының*

### ШЕШІМІ

**Киевка кенті** **2002 ж. 22 қазан**

***"2002 жылдың 11 қаңтардағы аудандық Мәслихаттың XYI сессиясының" 2002 жылдың аудандық бюджеті туралы № 1 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"***

Қазақстан Республикасының 1999 жылдың 1 сәуіріндегі "357-1 ҚРЗ "Бюджеттік жүйе туралы" заңына және 2001 жылдың 7 желтоқсанындағы № 261 ҚР Заңымен енгізілген соңғы өзгертулер мен толықтырулар, 2001 жылдың 23 қаңтардағы № 273-11 ҚРЗ "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жергілікті басқару туралы" заңына сәйкес аудандық Мәслихат Шешті:

1. Аудандық Мәслихаттың 2002 жылдың 11 қантардағы "2002 жылдың аудандық бюджет туралы" XYI сессиясының № 1 шешіміне төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1.1. Төмендегі мазмұнда 17 тармақпен толықтырылсын: п. 17 "Тұрғындардың аса қажеттілерін тұрғын үймен қамтамасыз ету" 059 бағдарламасы бойынша білім және денсаулық сақтау қызметкерлеріне қызмет баспанасын сатып алу үшін бюджет шығындары құрамында 300 мың теңге қаражат қаралсын.

2. 2002 жылдың 11 қаңтардағы XYI сессиясының "2002 жылдың аудандық бюджет туралы" № 1 шешімінің 1,3 қосымшасы енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды еске ала отырып жаңадан жасалсын.

**НАМЫСОВ Д.,**
**сессия төрағасы.**

**РАХИМБЕКОВ Т.,**
**аудандық Мәслихаттың хатшысы.**

*АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА*

# Жастар тәлімгері

Жаңа ғасырдың екінші орағының "ыстық" күндері де артта қалды. Бірақ оның елесі, өзіндік ерекшелік іздері диқан-механизатордың көз



алдынан жуық арада кете қояр ма?! Әсіресе ол Айып Ыбыраев сынды дала тарландарының бойына бойлап сіңген болар. Өйткені бұлар әр орақтың өзіндік ізін тезден өткізіп, жүрекке ұялататын, кем-кетігін ескеріп, болашақ болжам жасайтын тәлімгер ұстаздар. Ал олай болу, көш бастау, жанындағы жастарға үлгі-өнеге көрсету мұнсыз болар ма екен. Әрине, ол үшін бойындағы өмір мектебіңе, кәсіби шеберлігің мен көп жылғы мол тәжірибең пара-пар келуі шарт. Міне, жараспайлық бесаспап механизатор Айып Ыбыраев осындай адами қасиеттерге тән абзал азамат.

Ол техникаға жастайынан бейім, құштар болып өсті. Үлкен өмірі, дархан пейілі осыдан да барып ұлан-ғайыр сары даласымен үндесіп, содан тәрбие алып қалыптасты. Жасы тоқтасқанына қарамастан Айекең күні бүгінге уақытының көп бөлігін дала төсінде өткереді. Ия, ол қысы-жазы бірде трактордың, бірде комбайнның құлағында ойнайды.

Өткен орақта Асаутай Қожықанов басқаратын № 3 бригада жарыс төрін бермей, әріптестеріне үлгі болса, Айекең сынды озат комбайншының қосқан үлесі бір төбе. Одан бері де ол өзінің іс-қимылын, ілкімділігін басқаларға өткізе білді. Әсіресе тәжірибелі тәлімгер жастардың жалынды жігеріне жігер қосып, әсер ете білді. Бұдан соңғы күзгі дала жұмыстарында да бесаспап механизатордың ширақтығы кімді де болмасын тәнті етіп, өзіне еліктетті.

Төл мерекесіне, ауыл шаруашылығы қызметкерлері күніне, Айып Ыбыраев әдеттегідей мол табыспен, лайықты еңбек шашуымен келіп отыр.

Сала ардагеріне: еңбегіңіз қашанда жемісті боп, баяндылыққа бөлесін демекпіз!

**Б. БЕК,**
**"Жараспай" ЖШС.**

**Суретте: озат диқан-механизатор Айып Ыбыраев.**
**Суретті түсірген Николай Лобачев.**

*АУЫЛ-БЕРЕКЕ - 2002*

# АУЫЛЫМ - ӘНІМ, БАЙЛЫҒЫМ - СӘНІМ

**Нұр келбеті Нұраның нұрлы**
**шаттық жамылған**
**Кең пейілді ауылдың**
**дастарханы жазылған**
**Асыл ниет алтын қол**
**шахтерлердің**
**Бар керегі осы аймақтан**
**табылған.**

"Ауыл - Береке". Осы бір екі-ақ ауыз сөз әр жыл сайын нұралықтарды бір желпіндіріп тастайды. "Береке түбі бірлікте" екені даусыз. Еңбектің, өнердің, елдіктің кепілін айқын көрсететін бұл жиын Қарағанды шаһарындағы құрыш білек шахтерлер мен қызғалдақтай құлпырған жастардың жарқын келбетіне сай айшықталып, олардың көңілінен шыққаны бір ғанибет! Көрме-жәрмеңке ұйымдастырып, баршылықтың хан базарында қайырымдылықтың ақ дастарханын жайып, қабақ шытпай тай-тұлағы қалмастан халық алдында есеп беріп келген нұралықтар еңбегі береке мен бірліктің куәсіндей көңілге қуаныш нұрын ұялатты.

Бұл ел Президенті Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлының "... Әкімият ақта, адал бағаны айқындайтын коммуналдық базарлар құратын уақыт жетті деген" жетелі сөзінің айқын дәлелі болды. Жерінің байлығы мен елінің баршылығын тәнті етуге келген нұралықтарды еліміздің ең іргелі аймағы, әрі сүт бетіндегі қаймағы болған қарағандылықтар таң сәріден күткен екен. Өйткені сонадайдан "Нұра ауданы. Ауыл - Береке" атты көрме-жәрменкесінің әсем жазылған жарнамалары мен мұндалап тұрды. Коммуналдық базардың алды ертемен қайшыласқан адам. Кіре берістің екі жағында астықты өңірдің алуан түрлі өнімдерін тиеген КамАЗ машиналарын қаумалаған адам иін тіреседі. Ең шеткі машинадан басталған қап-қап ұн, ұнтақталған жем, таза бидай, көкөніс түрлері, ақсарбас қой т.б. бәрі-бәрі жұрттың назарын тартты. Ұнды 700-900, жемді 200 теңгеден тегіндей-ақ мал ұстайтын қала тұрғындары жерге тигізбей әкетті. Әуелі Дон ауылының "Ауыл-Берекеге" әкелген сатудың болса да қажет кезінде алуға лайық, ұлтымыздың қастерлі қасиетін айқындайтын Рамазан айының құрметіне арналған күздің тегене құйрық тең маңдай зәңгі баба атанған бойлақ қойдың 4500 теңгеден тегін сатылуы олардың алыпсатарлық емес, жылына бір айналып келіп кететін қасиетті Нұра өңірінің байлығын паш етіп тұрғаны жұртты еріксіз разы етті. Себебі мұндай қойлар ауданда әрі осы базардың өзінде екі есеге таяу қымбат бағада сатылатыны жасырын сыр емес. "Құланөтпес" Ашық Акционерлік Қоғамының төрағасы Дәулеткелді Сыздықұлы мен ауыл әкімі екеуі басы қасында тұрып, жұмыскерлері мен сатып алушылар арасында бүгінгі істің нәтижелі өтуіне баса назар аударып, жұрттың қалауына сай даяшылық жасап жатқаны әрине білгеннің ісі. Бұл кіре берістегі көрініс. Ішкері кіргенімізде алдымыздан осындай абыр-сабыр карбаластың ішінде жан-жағына разылықпен көз тастап бақылап тұрған "Ауыл-Береке" көрме жәрмеңкесінің қожайыны, ауданымыздың әкімі Құсайынов Дауылбай Мейрамұлы мен сәкіден түсіп келе жатқан жарғақ құлағы жастыққа тимей мәдени-әлеуметтік шаралардың басы қасында жүрген әкімнің орынбасары Есмағамбетова Әдиша Көнекбайқызы екеуі де ханбазарға қалыпты жағдайда әкелген өнімдердің қанталапайға түсіп, алды әлдеқашан өтіп кеткеніне мәз-мейрам екендері жүздерінен айқын сезілді. Біз де қуандық. "Кемедегінің тілеуі бір" деген осы да.

Облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы ауданымыздың иеленетін сыбағалы салмағының ерекше тұғырдан көрінетінін 260 мың гектар алқапқа тұқым сеуіп, одан 229500 тонна алтын дән жинаған, тек биылғы бір ғана көрсеткіштің өзі айқындап тұрғаны бәрімііздің орынды мақтанышымыз. Бүгінгі бесінші рет өтіп жатқан дәстүрлі көрме жәрмеңкенің ашылу салтанатына қатысқан облыстық Мәслихат хатшысы Қ. Медиев, Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары А. Ессе, ауданымыздың әкімі Құсайынов Д.М. сөйлеген сөздерінде қала мен ауыл тұрғындары арасындағы мұндай тығыз байланыстың кемелдене түсуіне соңғы жылдары тұрақты өткізіліп келе жатқан көрме-жәрмеңкенің берері мол. Әр ауданның жыл бойғы еңбек нәтижесінің нақты айнасы іспетті есеп беретін орынға айналған жәрмеңкенің берешегі мен нәтижесі ұлан-асыр екені мәлім. Бұл үлкен шаруа алда бұданда жақсы, түрлендіріліп ұйымдастырылатынына сеніміміз зор, - деді олар. Ләйім, солай болғай!

1928 жылы Ақмоланың Нұра, Сарыарқа болыстары негізінде құрылған Нұра ауданы 1932 жылы Қарағанды облысының құрамына енді. Жер көлемі - 46418 мың шаршы километр, Халқы - 33700. Мұнда 35 ұлттың өкілі өмір сүріп, еңбек етуде. Ауданда жылма-жыл төрт миллиард теңгеге жуық ауылшаруашылығы өндірісімен айналысатын 38 ірі, 795 шағын кәсіпорын және 32 шаруа қожалығы қызмет жасайды. Жері киелі, елі иелі Нұраның қожайыны әрине ынтымақшыл, кең қолтық, берекелі де бірлікшіл - Халық. Сол халықтың табан ет маңдай терлерімен жасалынған аспа-төк өнімге ие болып келген жауаптылар мен сатушылар. Азық-түлік өнімдері сіресіп тұрған сөрелердің ілезімде орталап сұраныска ие болуының өзі сол бір жанкешті ауыл тұрғындарының ауыр еңбегіне неге бас имеске.

Ауданымыз 1997 жылы Теңіз ауданын өзіне біріктірген соң оның облыс экономикасын өркендетуге қосар үлесі тіптен қомақты болды. Нұра топырағы қасиетті де киелі десек болғандай. Белгілі қоғам қайраткері А. Асылбеков, Кеңес Одағының батырлары С. Лебедев, И. Колодий, Даңқ орденінің толық иегері М. Сүлейменов, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері А. Кузнецов, Социалистік Еңбек Ерлері Н. Айтуғанов, И. Смағұлов, Д. Төлеубаев, ғалымдар С. Талжанов, К. Мыңбаев, ақын Ж. Нұрмағанбетов, ақын-жазушылар Қ. Мұқышев, Б. Ысқақов және басқада тарихи тұлғалармен дарын иелері туып өскен ел. Шежіресіз ел болмайды. Нұраның бүгінгі байлығы, халқының елге жасаған еселі еңбегі, сый-сияпаты да ұрпақтан-ұрпаққа жететіні даусыз.

Тарихы тарлан осындай өлкенің ерен еңбегін қарағандылықтарға тәнті еткен еңбеккерлері бесінші рет өткізген және алдыңғы өткен жәрмеңкелерге биыл да мұхият әзірленіп келген екен. Бүгін, дәл осы өзіміз көрген жәрмеңкеге 5 миллион теңгеден астам азық-түлік өнімдерін әкеліпті. Осыншама өнімді талма түсте бітіріп қайтуға әзірленген ауыл азаматтарына, ізденгендерін алып разы болып жүрген қала тұрғындарына жолығып лебіздерін сұрағанымызда олар:

- Мұндай жәрмеңкелер қаладағы табысы аз отбасылары үшін өте пайдалы. Тізімде тұрған отбасылары баршылық. Жаңағы таратылған бір машина ұннан бір қабын алдым. Бес балам бар, азаматым үйде отырады. Баға дүкеннен арзан. Кейсібірі базармен сәйкес келеді. Дегенмен ауылдағы ата-апаларымыздың өз қолынан жасаған мына арзан сары май, құрт, бауырсақ, қазы мен қарта, шұжықты жұрт талап әкетті. Рахмет! Балаларыма мен де тамаша сарқыт алдым, - деп күлімдеді жол жиегінде көлік іздеп тұрған қырықтар шамасындағы әйел адам. Атым Артықбаева Жақұтты деді ол. Қазбек би ауданына қараймыз.

Іле қарсы алдымнан бұрын осында кітапханашы болған көршім Закарина Гүлнар кездесті. Ол: - Ауылдастарымды көріп мәзбін. Жаңа кіре берісте бірге қызметтес болып, сонау мәдениет үйінде мәдени шаралардың шаңын шығарып шарықтап жүретін Жолаушы Сасымов бастаған әнші, домбырашыларым жолығып, өнерін көріп қуанып, қыздардың алдында марқайып қалдым. Мына жайылған астықты Нұрамыздың аспа-төк көрме-жәрмеңкесін тамашалап, қысқа әжептәуір арзан тамақ жинап алғаным-ды. Жұмысым орынша. Онда елім, мұнда біз аман болайық. Сау болыңыз - деп Гүлнарым ханбазарының тойбазарына ілезде сүңгіп кетті.

Биылғы орақтың қорытындысында 24 мың га егіс алқабынан 2 млн. пұттан астық жинаған "Қайнар" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің директоры Сейітжаппар Нығметов бастаған үлкен де беделді ұжымның азаматтары тұрған мына бір сөреге келгенімізде Шолпан мен Гауһар есімді сатушылар тұра "Ет бітті" деп аузын сипады. Жарасымды сөз. Олар: - Біз негізінен ет өнімдерін әкелдік. Көкөніс, сүт т.б. бар. Жылда келеміз. Бүгін бір ірі қара, үш доңыз әкелдік. Сары май, ірімшік, қаймағымыз арзан берілді. Мақсат ақша табу емес қала тұрғындарымен сыпайы қатынасып бір келгенде ауылдың аспа-төк жағдайын көрсетіп қайту. Әрі өз үлесімізді қосу - деді олар жұмыс аяқтала бастағанын танытып. Жарайсыңдар, қыздар, дедік-ау!

Міне, Балықтыкөлдің балығы! - Арзан. Алты түрлі "Окунь, корпята, жерех" деп біреу "әдеті кетпей" орысшаласа, таразылап тұрған қызымыз сазан, табан, қара балық, сары бауыр" деп килосын 60-100 теңгеге дейін жақсылап тұрып тізбектеп, тазалап қағаз жәшікке салған өнімдерін жарқын мінезімен қазақи ізетімен өлшеп орап беріп сатып алушыны жөнелтіп тұр. Балықтыкөлдің азаматтары балықпен ғана шектелмеген, үйдің ақ тамақтарының өзі қаншама! "Барымен базар" деген осы ғой.

Бүгінгі ханбазарындай болған Нұраның көрме-жәрмеңкесінен жоғарыда айтылғандай астықты, ағынды Нұраның бір сағасынан қосылып телегей теңіз үлес қосқан теңіздіктер де есесін жібермей, сонау жер түбінен сүбесі 4 елі, омыртқасы бітеу асықты жілік жамбасы ақсарбас қойының, ірі қара, жылқышының етін арқалап келіп, базардан ойып отырып орын алыпты. "Соналы" Ашық Акционерлік қоғамы 4 шаруа қожалығы, 8 шағын кәсіпорынды 639 адамы бар жырақта жатқан ағайынның еңбегіне, Тасболаттай ағамыздың Ауыл-Берекеге, дала ұлының қала халқына арнап әкелген ақ дастарханына ірімшік, қаймақ, майы, жұмыртқасы қайысқан ауыл дәміне деген жұрттың разылық ниетін жалғастыру парыз болды. Соналының жалпы жер көлемі 199719 га, 1100 егістік алқабы бар, биыл 2000 га алқапқа дәнді дақыл еккен. Өнімділігі 6,8 ц/га.

Осыдан кейінгі қатардан "Жараспай" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі орын алыпты. Облыстың депутаты, көпке беделді басшымыз Қоңырбаев С.О. Нұраның жылда өткізілетін жәрменкесінен аянып қалмайтын азамат. Жеті бірдей шаруа қожалығы бар бұл ұжым - Ақ тамақ түрлері, құс, ірі қара етін және астық өнімдерін жеттік әкелген. 200-250 теңгенің маңында сатылды. Жағдай жаман емес, - деді есепші Сәрсекеева Ләззат Рақымқызы мен аспазшы Бағлан Жангельдина күлімдеп.

Қой санын жуық жылдарда 10-15 мыңға жеткізуді көздеген "Отқанжар" акционерлік қоғамының төрағасы Отарбаев Қанат Жариясұлының ұжымы тіптен қомақтылау "айта қалсын" келіпті. Айтсақ айталық, шаруаны жауаптанып келген бас экономист Шөкенбаев Бейбіт Айтжанұлы ауыз толтырып көңілге қонымды қызмет жасалынып жатқанын айтты. Былтырғы жәрменкеде Изенділіктер бір жылқы, бір ірі қара және алты қой әкелсе, ақ тамағын былай қойғанда биыл өзге де өнімдерді әкелдік. Биыл былтырғыдан да жақсырақ дейтінім әр отбасының өзіндік үлесі бар. "Ет дегенде бет барма" демекші жылқы еті, қой, сиыр еттерін қалалықтарға үйдегідей етіп семізінен жақсылап тұрып өңдеп әкелдік. Құрт-май, ірімшік - жент тіліңізді үйіреді - деді ол. Дәл солай Нұра ауылы есесі мен есебінен айрылмайтын жолын өзгеге жібермейтін білікті мамандармен толысқан ұжым. 7 шаруа қожалығы, 760 тұрғыны 3 шағын кәсіпкерлер ұжымымен толысқан. Әр жүз аналыққа шаққанда 96 қозы өрбіткен Ақболат Нұрланов, Сәрсен Дайыров, Қамен Ильясов есімді шопандарымен көркейген қойлы ауылдың ерлерінің осындай шөлейт аймақ үшін 3 мың гектар егістің әр гектарынан 9 ц/га. Егін жинап марқайып отырғанының өзі бір ерлік-ау.

"Нұра-Сүт" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі де жәрмеңкеге құр алақан келмепті. Бұл жөнінде осы кәсіпорынның директоры Сайран Айбасов: - Қоймалжың, ожаулап сапырсанда қою да сапалылығымен сонша үзілмейтін дәмділігімен алдыңғылары өтіп кетті. Мынау соңы. Түске дейін бітеді. Жылда келіп тұрамыз. Біршама өндеулерді жаңадан жасадық. Сарымай, консервіленген сүт шығатын жаңа жүйелерді іске қостық. Соның нәтижесінде өніміміз бүгінде ілезімде өтіп кетті. Біздің осы қоюлатылған сүттерімізді кондитер фабрикалары, балмұздақ жасайтын цехтар көптеп алуда. Сүтті әртүрлі ыдыстарға құятын цех ашылады. Жәрмеңкеге әкелген өніміміз тез өткеніне қуаныштамыз деді жас азамат.

Осындай өнімдердің түрін өзгеден қалыспай әкелген Амантау, Майоровка, Көбетей, Ахметауыл, Ақмешіт, Тассуат, Құланөтпес, Пржевальск, Шахтерліктер де хал-қадірінше-ақ жасапты. Думан Өмірхожаұлының бастамашыл, шебер ұйымдастырушы екені осы көрме-жәрменкеде де әбден байқалды. Іште де, сыртта да олардың әкелген өнімін қарағандылықтар жоғары бағалады. Базарға келген мұсылмандарға арнап жұқа нан құрт қатқан көже, қолдың сан түрлі ұлттық тағамдары, шашлық, таба-таба қоламтаға пісірген нан істеп әкелуі көптің назарын тартты. Ет, астық өнімдері өз алдына қанталапайға түсті.

Тағы бір айта кететін жақсылық, Ахмет ауылының алтын қолды басқа ұлт өкілдерінің қыз-келіншектері жасаған 19 түрлі арнайы ыдысқа салынған дәмді де, әсем өңделген суық тамақтарын (салат), құс еттерін қалалықтар қолма-қол жеп, асын ішіп аяғын босатып, рахметін айтуы бейнебір асханадан шыққандай әсер қалдырды. Мұнда 12 шаруа қожалығы 1729 тұрғыны бар өздеріне жеткілікті 9,0 ц/га өнімділігі бар астықтың да дәмін келтірген "Жігер", "Бірлік", "Ырыс" атты жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің қосқан қомақты үлестері болар деп ұғындық. Бәрі сайдың тасындай өркендеп келе жатқанын ойласақ, келер жыл бұдан да үлкен жетістікке жетері күмәнсіз.

Айта берсек, ауданымыздың манағы қырықтай ірі шаруашылығына саятын күллі ұжымдардан өзімше ешкім қалмаған сияқты. Басшылар мен ауыл әкімдері түгелдей бір кісідей жұмылып көрме-жәрмеңкенің басы қасында абыр-сабыр қимылымен үлес қосып жүргеніне қарағанда аудан әкімі Құсайынов Дауылбай Мейрамұлының маңына нық топтасқан нұралықтар "Ауыл-Берекені" атына заты сай ойдағыдай өткізіп, қалалықтардың талап-талғамынан шықты десек болғандай. Өйткені беруші де алушы да мәз.

Құт қонып, қыдыр дарыған астықты Нұра ардақты елдің табан ет маңдай тері тамған қашанда мал сүмесімен тіршілігін сабақтап, ауыл ажарын әсем әнімен тербеген олар, биылғы жәрмеңкеге де артына-тартына келіпті. Бейнетпен келген зейнетін қалалықтардың әулиелі ақ дастарханына ұсынып өздерінің базарлығын жасады. Коммуналдық базардың алдында болған мал саудасы Ораза айына құрбан шалуды ойлағандар үшін манағы тоқтылардың сүт пісірім сәтте өтіп кетуінің өзі жай шаруа емес.

Жәрменке қызығы түстен кейін "Саржайлау" достық үйінде жалғасты. Жиналғандар концерт басталар алдында орыс, неміс, украин, қазақ мәдениетін, салт дәстүрін көрсеткен шағын көрмелермен танысты.

Әсем ән, сазды әуенмен бірге теңіздік 6 жасар балғын биші Сымбат Касымованың түрік биіне хошамет көрсетті. Ол облыстық концертке жеке дара жолдама алды.

Соңында облыс әкімінің орынбасары С. Тұңғышбеков пен ауданымыздың әкімі Құсайынов Д.М. сөз алып, ауыл мен қала тұрғындарына байланыстары нығайып, байсалды қызмет барысында бұдан үлкен табысқа жетуге тілек білдірді. Ойлаған ой, көздеген мақсатқа жету жолында нұралықтарға қажымай-талмай еңбек етіп, тек ауыл мен қаланы береке мен бірліктен айырмағай десті олар. Ауыл жәрмеңкесін жылы шыраймен қарсы алған қала халқына Құсайынов Д.М. зор ризашылық білдірді. Нұралықтардың көрме-жәрмеңкесі аспа-төк молшылығымен өтті. Тәуелсіз Қазақстанымыздың татулықпен бел буысқан бұл өңір Арқаның Саржайлауындай көсіліп, алтын дәні жайқалып. күннен күнге құлпыра түспек.

**Шәмей БІЛГІШБАЙҚЫЗЫ,**
**журналист.**

## *"Мен де солардың бірі болармын"...*

"XXI ғасыр бәсекелестік ғасыры. Ал ол үшін терең де жан-жақты білім керек. Бәсекелестікте білімді ғана жеңіске жетеді. "Білімді мыңды жығады, білекті бірді жығады" дегеннің кері. Сол себепті де мектепте жақсы оқып, мұғалімдеріңнің берген тәлім-тәрбиесін дұрыс қабылдап, болашаққа нық қадам жасауға қазірден негіз қалануы керек" деген болатын ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жуырда Астанада өткен дарынды балалармен дәстүрлі кездесуінде. Осынау салиқалы, парасатты ой өзегін жалғастырудың таяуда бізге де сәті түсіп еді. Оны кездейсоқ кездесудің әсері деуге де болады. Себебі тамыздың тамылжыған шуақ күні Изендіге ат басын тірегенде, негізгі мақсатымыз астықты өңірде мәресіне жетіп мәрелеген орақ науқанының тынысын тыныстау еді. Бірақ, жазу солай болған. Әкесін сұрай барып, баласымен де сұхбаттасудың реті келді.

*МЕКТЕП ӨМІРІ*



- Есімім Әсел. Әсел Таңатарқызы!

- Нешінші класта оқисың?

- Биыл амандық болса мектепті аяқтаймын.

- Түсінікті. Болашақ болжамың бар шығар, кім болғың келеді?

- Әлі де толқымалы арман үстіндемін. Әйтсе де егемен еліміздің пайдалы бір кірпіші боп қалануды аңсаймын. Елбасының күнделікті біздерге, жаңа ғасыр ұрпағына құйып жатқан ақыл-өсиетінен құлағдармын. Ретінде айта кетейін, қазіргі таңда мектеп бағдарламасы да күрт өзгерген, бүгінгі өмір талабына сай жан-жақты дәріс беріледі. Мұғалімдеріміз білікті мамандар. Мектебіміз осыдан екі жыл бұрын күрделі жөндеуден өткізілді: жылы, жарық, кең.

- Директорларың кім?

- Қыдырғанбеков Есет Ергенұлы. Бұл кісі осы мектептің түлегі. Және жалғыз емес, ондайлар бізде көптеп саналады. Бәлкім, болашақта мен де солардың жолын құшып, солардың бірі болармын...

Мектепте жалпы ел тарихымен бірге, туған жер туралы тағылымдар, Отан сүю мен патриоттық ыстық сезім негізінде түсініктер кең таратылатыны, мазмұнды-мағыналы өзекті тәрбиенің орынды өрбуі көңілге жылу ұялатып, медеу болған еді.

**Б. БЕК,**
**Изенді ауылы.**

**Суретте: жаңа ғасыр ұрпағы Әсел Таңатарқызы.**
**Суретті түсірген Николай Лобачев.**

# Ярмарки - смычка города и села

*«Сельское хозяйство, как цельный агропромышленный комплекс, может и должно стать и стабилизирующим звеном, и стимулирующей точкой дальнейшего роста экономики страны наряду с другими системообразующими отраслями».*

**Н. Назарбаев.**

Областная выставка - ярмарка «Ауыл-Берекс» уже давно стала традиционной и проводится в целях обеспечения горожан продуктами питания по доступным ценам, развития муниципальных рынков и оказания помощи сельхозпроизводителям в реализации своей продукции.



В этом году первыми открыли ярмарку труженики Абайского района, первыми в области завершившие жатву зерновых и достигшие наивысшей урожайности среди районов области. Вторыми были сельхозпроизводители из Шетского района. Нуринцы стали третьими. И случилось это 2 ноября.

Это был по-осеннему теплый субботний день. Распродажа сельхозпродукции началась рано утром и не только в нарядно оформленных торговых залах рынка, но и на прилегающей к рынку площади. В ярмарке участвовали сельхозпроизводители из 18 сел района, в том числе и райцентра. Последний представляли три предпринимателя, которые привезли на ярмарку мясо, ТОО «Нура-Сут», торговавшее разливным сгущенным молоком, сыром твердых сортов и сливочным маслом, и кафе «Майрам», приехавшее с хлебобулочными и кондитерскими изделиями. А вот село Байтуган представляли два хозяйства: ПК «Кулагер» и ТОО «Байтуган». В числе других в ярмарке участвовали и хозяйства Тенгизского региона.

Ассортимент продукции рынка составили говядина, конина, баранина, свинина, мясо птицы: куры, утки, гуси, индюки, мука, картофель и другие овощи, масло, сметана, творог, молоко, айран, курт, сыр, яйца, рыба, кулинарные и хлебобулочные изделия, мед, жент, ырымшык, шашлык, мясо вареное, холодец и даже жареная пшеница и раки, которых привез ТОО «Жартас». А на площади торговали КРС, овцами, зерноотходами, капустой. Здесь же можно было купить шерсть и веники. В целом нуринцы выставили на прилавок 34 наименования товаров на общую сумму 4963600 тенге.



По мнению дирекции рынка, продукции нуринцы привезли достаточно: только мяса более 70 туш (для сравнения: абайцы -38), не считая мяса птицы. И цены, как и полагается на ярмарке, были дешевле обычных, это подтвердил и случайно услышанный разговор двух горожанок: « Представляешь, там столько мяса навезли и продают по 200, 230, 250 тенге!». Когда я поинтересовалась, дорого это или нет, то услышала в ответ: «Что Вы! Конечно, дешево, у нас ниже 280 тенге такого мяса не купишь. А сегодня же ярмарка, Вы что не знаете? Поэтому так дешево. И мяса столько!».

Цены действительно были ниже, чем на соседнем «Шыгысе» на 15-20 процентов, а последнюю продукцию отдавали совсем дешево, особенно это проявлялось в отношении пенсионеров. Подобный случай (и не единственный), произошел у прилавка ТОО «Пржевальский», где бывший шахтер выразил благодарность от имени всех пенсионеров директору ТОО «Пржевальский» Э.Б.Таттыбаеву. А в целом удалось снизить цены, как объяснил начальник районного департамента сельского хозяйства А.П.Романенко, отвечавший за нашу ярмарочную продукцию, еще и за счет бесплатных услуг, которые были предоставлены сельчанам на рынке: отсутствие платы за место, за весовое хозяйство, услуги лаборатории, рубку мяса.

### «АУЫЛ-БЕРЕКЕ – 2002»

Как обычно, каждую выставку-ярмарку посещают руководители города и области. Вот и нуринцев пришли поздравить с праздником и выразить благодарность за труд и поддержку заместители акима области С.Тунгышбеков и Е.Тугжанов, секретарь областного Маслихата К.Медиев, заместитель акима г. Караганды А.Ессе, начальник областного департамента сельского хозяйства Т.Датутов, заместитель начальника областного департамента сельского хозяйства Т.Мажитов.

Не обошла вниманием выставку-ярмарку и пресса: наша редакционная бригада увидела здесь коллег из «Индустриалки», «Орталыка», «Егемена», «Взгляда» и др. Встретили мы и немало земляков, которые сейчас живут в Караганде и которые пришли на ярмарку не столько за покупками, сколько для того, чтобы увидеться и поговорить. Пришли сюда и студенты-нуринцы. Были на ярмарке, разумеется, и руководители района, хозяйств, акимы сел и т.д. Одним словом, было очень много приятных встреч и знакомых лиц, и иногда даже казалось, что все это происходит не в Караганде, а у нас, в районе.

Как всегда, не обошлась выставка-ярмарка без проявления благотворительности. Районным отделом труда и социальной помощи населению был организован благотворительный обед на 200 человек из числа малоимущих. Кроме того, для этой категории населения было сделано 60 продуктовых пакетов и привезено 50 мешков муки для одиноких престарелых Октябрьского и Казыбекбийского районов города.

Здесь же, на рынке, все время, пока шла торговля, звучали музыка и песни в исполнении самодеятельных артистов из районного Дома культуры, и было немало желающих из числа посетителей рынка не только послушать концерт, но и потанцевать.

А во второй половине дня праздник переместился в Дом дружбы «Сарыжайлау». Настрой же празднику создала выставка достижений района, за которую, как и за оформление ярмарки в целом, отвечала заместитель акима района А.К.Есмагамбетова. Экспозиция выставки содержала информацию о районе, достижениях в сельскохозяйственной отрасли и промышленности, социальной и культурной жизни, рассказывала о спортивных успехах нуринцев, о состоянии дел в образовании и т.д. Здесь же была представлена выставка декоративно-прикладного и изобразительного искусства учащихся школ района.

В празднике приняли участие и национально-культурные центры района: казахский, который представлял районный отдел образования, русский из села Тассуат, украинский из села Заречное, немецкий из села Майоровка, а районная СЭС и территориальное управление сельского хозяйства подготовили стол с блюдами народов Закавказья.



Национально-культурные центры продемонстрировали традиционные жилища каждого народа: юрту, избу, хату, дом, утварь, посуду, литературу, музыкальные инструменты, предметы декоративно-прикладного искусства и т.д., и, конечно, кухню народов от казахского бесбармака, баурсаков, айрана и других блюд до русского каравая, медовухи, окрошки, блинов с медом, украинских пампушек с чесноком, домашней колбасы, узвара, горилки, традиционного немецкого гуся с яблоками и кушаний народов Закавказья: лаваша, хинкали, шашлыка, толмы в виноградных листьях. Представители национально-культурных центров в национальных костюмах не только щедро угощали присутствующих, в том числе почетных гостей, посетивших выставку, но и пели, плясали, создавая теплую праздничную атмосферу. А ведь чего только стоили задорные русские песни и частушки под гармошку в исполнении инженера по трудоемким процессам ТОО «Индустриальный» И. Д. Матвейчука из русского национально-культурного центра!



Заключительным же этапом выставки-ярмарки стал праздничный концерт, подготовленный районным отделом культуры и Домом культуры, в котором приняли участие лучшие исполнители - участники районного смотра-конкурса «Туган елим». На всем своем протяжении - концерт наших самодеятельных артистов сопровождался дружными аплодисментами многочисленных зрителей. А хоровой коллектив учителей Киевской средней школы №2, ученица Баршинской школы Сымбат Касымова, талантливо исполнившая турецкий танец, и солистка вокального жанра, работник райтелекома Русол Людмила были приглашены жюри на заключительный гала-концерт выставки-ярмарки «Ауыл-Берекс-2002».

По завершении концерта со словами благодарности к нуринцам обратился заместитель акима области С.Тунгышбеков, пожелавший сельчанам дальнейших успехов и процветания. С ответным словом выступил аким района Д.М.Кусаинов.

Вот в такой яркий и красочный праздник вылилась нуринская выставка-ярмарка «Ауыл-Береке-2002».

**Л.ГОРДИЕНКО.**

*ЗЕМЛЮ - КРЕСТЬЯНАМ*

# Встреча акима с предпринимателями

Такие встречи станут теперь ежемесячными и будут нести в себе обсуждение главных и общих проблем, касающихся малого и среднего бизнеса. А обсудить сегодня предпринимателям действительно есть что. Не за горами утверждение нового Закона «О земле», проект которого уже не первый день на устах и парламентариев, и тех, кто живет и трудится на ней, производя всю сельхозпродукцию.

На сегодняшнюю встречу с акимом приехали также акимы сел и главы крестьянских хозяйств, кого вопрос о земле волнует сейчас больше всего. Именно они должны в первую очередь знать о тех глобальных решениях, которые ставит перед предпринимателями Президент РК, и о которых еще раз напомнил присутствующим аким района Д.М. Кусаинов. Прежде всего - это вопрос о совершенствовании законодательной базы, где обозначились бы четкие формулировки понятий: микробизнес, малый, средний и крупный бизнес. До сих «пор остается болезненной проблема несовершенства системы налогообложения предпринимателей, а также государственной регистрации, которую по мнению Главы государства необходимо упростить, определив срок до 10 дней и оформления в одном месте. Следующим был вопрос необходимости легализации собственности, в частности земли и недвижимого имущества, которые чаще всего оказываются незарегистрированными надлежащим образом. Пятым пунктом выступления Н.А.Назарбаева на форуме предпринимателей стала тема получения кредитов через Национальный банк. Очень приятным пунктом для всех предпринимателей явилось предложение Главы объявить с начала следующего года сроком на 9 месяцев мораторий на все проверки субъектов малого бизнеса налоговых и правоохранительных органов. Кроме этого, поднимался вопрос необходимости строительства новых предприятий, с целью ускорения экономического роста, создания рабочих мест, освоения новейшей технологии. На том, что главную роль в создании и развитии малого бизнеса должны сыграть именно акимы было нацелено особое внимание. Ну, и конечно же, создание новых советов предпринимателей, имеющих стабильность, понятные и приемлемые принципы взаимодействия с властью и государством, правила, позволяющие расти и развиваться.

Все это прозвучало на форуме предпринимателей с участием Президента республики в сентябре. Однако актуальность обсуждаемых тем будет стоять еще до декабря, когда новый Закон «О земле» с добавлениями, изменениями, поправками войдет в свою полноправную силу. Как на форуме, так и на сегодняшней встрече акима Нуринского района с главами крестьянских хозяйств, основной мыслью прозвучало введение института частной собственности на землю. Иными словами, если сейчас не отдать землю хозяину, благосостояние которого будет напрямую зависеть от состояния земли, страна рискует через некоторый временной промежуток окончательно потерять плодородность почвы.

Пока еще идут дебаты в определении того количества земли, которое, согласно кодексу, государство готово предоставить в «одни руки». А это не более одного процента от площади сельскохозяйственных земель района для физических лиц, и не более десяти - для юридических.

Еще на один момент Д.М. Кусаинов обратил непосредственное свое внимание - земля никому не должна раздаваться бесплатно. Власть будет помогать лишь рачительному хозяину, заботящемуся о завтрашнем дне, постоянно расширяющему производство и способному через несколько лет своим трудом окупить вкладываемые в него сейчас деньги. А иметь землю можно будет по трем вариантам: выкупить сразу всю, в рассрочку на 10 лет или взять в аренду сроком на 49 лет. На сегодняшний день 15 хозяйств района уже готовы выкупить земли сельхозугодий в рассрочку на 10 лет.

Обсуждение проекта Закона «О земле» продолжил в своем выступлении заместитель акима Б.Б. Кощегулов, остановившийся на некоторых тезисах о земельной реформе и на том, что пока еще существует неосведомленность населения о содержании направленности законопроекта, для чего необходимо обеспечить отдельную рубрику в районной газете, посвященную земельному вопросу и введению частной собственности на землю; работу в тесном взаимодействии с депутатами, юристами, экономистами, представителями фермерских и крестьянских хозяйств, аграриями, общественными организациями и т.д. Тем более, что в республике уже созданы предпосылки для введения полноценного института частной собственности на землю. Необходимые для этого правовые основы заложены в Конституции РК, где записано, что «... земля может также находиться в частной собственности на основаниях, условиях и в пределах, установленных законом».

О том, насколько ежегодно в нашем районе увеличивается число субъектов малого предпринимательства, среди которых и те, кто работает на земле, рассказала главный специалист комитета по экономике А.Кусаинова. В частности, она остановилась на том, что объем продукции сельского хозяйства к общему объему производимой продукции в районе (995 млн. тенге) составляет 64 процента, из них 50% - крестьянские хозяйства, готовые работать с землей и дальше, и 14% - ТОО. Кроме того, она затронула вопрос кредитования, который является чуть ли не основным в развитии предпринимательства и для выдачи которого принимаются проекты обоснованные, просчитанные с учетом залога и возможностей возврата.

И в заключение с обсуждением кандидатур состава совета предпринимателей района, а также отвечая на вопросы присутствующих выступил председатель совета предпринимателей К.М.Ахметов. Он предложил ввести лицензирование виноводочной продукции в районе и высказал желание создать накопительный фонд в поддержку начинающих предпринимателей, для чего пообещал привезти для ознакомления бизнес-инкубатор из подобного фонда Осакаровского района, где таковой уже давно работает.

**Н. ШЕВЧЕНКО.**

*МЕКТЕП ӨМІРІ*

# ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ОЙЫН

*Туған тілім - тірлігімнің айғағы,*
*Тілім барда айтылар сыр ойдағы*
*Өссе тілім менде бірге өсемін*
*Өшсе тілім менде бірге өшемін.*

**(Ә. Тәжібаев)**

Қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болғанына он жылдан астам уакыт өтті. Содан бері күннен-күнге ана тілімізде сөйлеу дағдыға айналып келеді. Бұрын ана тілін білмегендікті мактаныш санайтын кейбір орыс тілді казак жастары енді ұяла бастады.

"Мемлекеттік тіл - казак тілі" деген ұғымды жеткіншектерге жеткізе беру максатында кыркүйек айының соңғы аптасында С. Сейфуллин орта мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінің окытушысы Әлия Алпыскызы Алшынбаеваның ұйымдастыруыменен 5-6-7 сынып оқушылары арасында "Мемлекеттік тілді білудің пайдасы" деген такырыпта интеллектуалды ойын өткізілді.

Ойынға оқушылар "орыс ауылы, қазак ауылы" болып екі топка бөлініп келіпті. Орыс ауылын, орыс тілі мен әдебиетінің окытушысы Тарбаева Элмира Мұхиткызы, казак ауылын казак тілі мен әдебиетінің окытушысы Ержұманова Жанат Мажиткызы бастап келді. Әлия Алпыскызының кіріспе сөзінен кейін сайыс басталып кетті.

Ойын 5 бөлімнен тұрады.

1. Макал-мәтелдер
2. Шашылған әріптерден сөз кұрау
3. Орыс ауылы мен казак ауылының бір-біріне дайындап келген сұрактарына жауап беру
4. Сөзжұмбак
5. Шешендік

Әр сайыстың арасында әр топтың өз жактаушылары орысша, казакша ән салып, би билеп, өз топтарын көтермелеп отырды. Білгірлігімен көзге түскен 5-сынып окушылары Жаманбаев Д., Қалиев Р., 6-сынып оқушылары Жанабаева А., Жұмабаева А., 7-сынып окушылары Қаржасова С., Қарабаева Ж. болды.

Үшінші сайыстан кейін әркашанда озат болуға тырысатын 7-сынып оқушылары Гах Валера мен Түкешова Айзада алға шыкты. Қорытынды шешендік сайыска келгенде, сөз жүйесі мен кисынын келтіріп сөйлей білген 7 сынып оқушысы Түкешова Айзада алдына жан салмады.

Айзаданың, "казак тілінің негізін жасаушы, казак мектебінің іргетасын калаушы, елінің ертеңі үшін күрескен Ахмет Байтұрсынов туралы айтканы, өзге тілдің бәрін біліп, өз тілімізді кұрметтейік, кастерлейік" - дегені тыңдаушының көңілінен шыкты. Өз елінің патриоты болар деген сенім ұялатты.

Иә, баска ұлтка өзімізді сыйлата білу үшін, өзіміз казакша сөйлей білуіміз керек.

Әрбір намысы бар казак, казак тілін жаксы білуі керек.

Мемлекеттік тілдің - казак тілі болғаны казак ұлтының мәртебесін, данкын аскактата түседі. Лайым солай болғай!

**С. ҚАРЖАСОВА,**
**Ахмет ауылы.**